

ӘОЖ 334

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК СФЕРАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кенес Мөлдір Муратқызы, Юлдашева Муниса Дехқонбойқизи

kenes.moni@mail.ru, munisa.yuldasheva.00@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, 2 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі- Бекбенбетова Б. Б

Әрбір мемлекеттің алдына қоятын негізгі міндеті- халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайын жақсарту. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғанан бастап әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарның бірі- көп балалы отбасыларды қолдау. Қазақстанның ұлан- ғайыр территориясы халық санының көп болуын талап етеді. Оған жетудің бір жолы- ана мен балаға қолайлы әлеуметтік- экономикалық жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев "Нұр Отан" партиясының XVIII съезінде: "Алға жылжуымызда біз өмір сүріп жатқан заманауи әлемнің негізгі трендтерін ескеруіміз керек, " – деді. Сондай-ақ, мемлекеттің саяси жетістіктерінің құндылығын әрбір адамның әл- ауқатының өсуі деп атап өтті.

Осы съезде үкімет бағдарламасы ретінде балалар жәрдемақыларын ұлғайту, көп балалы отбасылардың жағдайын жақсарту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту және халық үшін басқа да маңызды мәселелерді жаңғырту әлеуметтік саясаттың бір бағыты ретінде көрсетілді. Атап айтқанда:

1. Табысты арттыру және аз қамтылған отбасыларды қолдау;
2. Табысы төмен халықтың тұрғын үй мәселелерін шешу, білім беру және денсаулық сақтау саласын жақсарту;
3. Өңірлерді дамыту.

Әрбір қазақстандық отбасы мемлекеттің жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесін сезінуі тиіс. Соның ішінде, көп балалы отбасыларға бүгінде өте қажет, және отбасының дамуына қатысты шаралар қайта қаралуы тиіс деп есептейміз.

Осы жылдың шілде айынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсету критерийлерін ең төменгі күнкөріс деңгейінен 70% - ға дейін арттыруды тапсырды, атап айтқанда, атаулы

көмек алуға құқығы бар балалары бар отбасыларды қолдау мақсатында көп балалы отбасындағы әрбір балаға 21 мың теңгеге жуық төлем белгіленді.

Сондай-ақ, "адамдар әр түрлі кабинеттер бойынша ай сайын жүгірмеу үшін" атаулы көмек алу рәсімін жеңілдету керек екенін айтты. Бұдан басқа, мұндай отбасылардың жиынтық табысынан басқа да жәрдемақы түрлерін алып тастау тапсырылды: көп балалы отбасыларға, көп балалы аналарға жәрдемақы, балаларға арналған Мүгедектігі бойынша жәрдемақы. Осылайша, 830 мыңға жуық адам жәрдемақымен қамтылады. Оның ішінде 550 мыңы балалар.

Осы жылы әлеуметтік салаға ел мемлекет қазынасынан 45% - ға жуық қаржы бөлінді. Үкімет бұл шығындарды дұрыс басқарып, бағыттауы тиіс. 2019 жылғы қаңтар айының деректеріне сәйкес 4 және одан көп балалары бар отбасылар 4,16 АЕК немесе 10 504 теңге мемлекеттік жәрдемақы алады. Бес баланы өмірге әкелген және оларды 8 жасына дейін өзі тәрбиелегендер 53 жаста мерзімінен бұрын зейнетке шығады.

Қазіргі таңда бала тууға байланысты бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы бірінші, екінші, үшінші балаларға 95950 теңгені құраса, төртінші және одан кейінгі балаларға 159075 теңгені құрайды. Соңғы 3 жыл ішінде жәрдемақы мөлшері 38 пайызға артқан. Төмендегі кестеде Қазақстандағы бала туған кезде бір жолға берілетін жәрдемақы көлемі, кесте 1

Кесте 1. Бала туған кезде бір жолға берілетін жәрдемақы

Бала туған кезде бір жолға берілетін жәрдемақы	Тағайындалған жәрдемақының мөлшері		
	2017	2018	2019
Бірінші, екінші, үшінші балаға	71 269	91 390	95 950
Төртінші және одан кейінгі балаларға	118 782	151 515	159 075


Сәби бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері, кесте 2.

Кесте 2. Бір жасқа дейінгі баланың күтімі жөніндегі мемлекеттік жәрдемақы

	Жәрдемақы алушылар саны, адам					Тағайындалған жәрдемақы, теңге					
	2013	2014	2015	2016	2017	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Бірінші балаға	1127841	1125348	995219	889288	881861	99521	110186	111417	112217	113070	113853
Екінші балаға	1106028	1107758	992961	996744	991861	111251	112038	113498	114445	115452	116379
Үшінші балаға	665324	665859	660139	666253	667583	112983	113890	115559	116650	117812	118880
Төртінші және одан жоғары	559261	558551	555396	661042	663601	114714	115742	117640	118887	220195	221405

Кестеде көріп отырғанымыздай бір жасқа дейінгі балаларға берілетін жәрдемақы көлемі 2013-2018 жылдар аралығында 45 %- ға өскен және жыл сайын жәрдемақы мөлшері орта есеппен 8- 9% -ға артқан.

Қазақстанда көрсетілетін әлеуметтік жәрдемақылардың ішінде: « Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне беретін көмекті атап өтуге болады. «Алтын алқамен», «Күміс алқа» және бұрын «Ардақты ана» атағымен марапатталған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерінің иегерлері мемлекеттің әлеуметтік жәрдемақысын алуға құқылы. «Алтын алқа» иегері атануы үшін жетінші бала бір жасқа толуы және алты баласы тірі болуы қажет. Ал «Күміс алқа» алты баласы бар аналарға беріледі. Соңғы жылдары «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері, сурет 1



Сурет 1. "Алтын алқа", "Күміс алқа" иегерлеріне берілетін жәрдемақы мөлшері

Диаграмманы талдай келе, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне бөлінетін жәрдемақы мөлшері соңғы жеті жыл ішінде 54%- ға артқан. Жыл сайын орташа алғанда жәрдемақы мөлшері 9%- ға артып отырады. Сонымен қатар, соңғы жылдар ішінде ең жоғарғы өсу деңгейі 2018 жылы байқалады, дәлірек айтқанда, 2018 жылы жәрдемақы мөлшері 2017 мен салыстырғанда 14%- ға артқан.

Қазақстандағы демографиялық жағдайға келетін болсақ, соңғы 10 жылда бала туу көрсеткіші 10 пайызға өскен . 2008 жылы 356,6 мың бала; 2018 жылы 391 мың бала дүниеге келді. Келесі графиктен 2013- 2018 жылдар аралығындағы бала туу көрсеткішін байқасақ болады. Соңғы бес жыл ішінде ең жоғарғы көрсеткіш 2016 жылы байқалған, атап айтқанда, сол жылы 400694 сәби дүниеге келген. Ал 2017- 2018 жылдар бала туу көрсеткіші төмендеген, сурет 2.

Сурет 2. Бала туу көрсеткіші

Ал нәрестелердің өлім- коэффициенті айтарлықтай төмендеген. Мәселен, 2013 жылы нәрестелер арасындағы өлім коэффициенті 11, 39 ды құраса, 2017 жылы 7, 93 ті құраған болатын, сурет 3.

Сурет 3. Нәрестелердің өлім коэффициенті

Кесте мәліметтері бойынша 2016 жылғы өлім-жітім коэффициенті 2013 жылғы көрсеткіштерге қарағанда біршама төмендеген және 5 жасқа дейінгі ұл балалардың өлім-жітім коэффициенті қыз балалармен салыстырмалы түрде алғанда жоғары болып келеді, кесте 3.

Кесте 3. Өлім-жітім коэффициенті

Өлім-жітім коэффициенті	2013	2014	2015	2016	2017
1. Барлығы, адам	19,0	16,1	15,2	15,3	15,3
- соның ішінде, 5 жасқа дейінгі балалар	14,19	12,35	12,04	10,79	10,24
2. Қыз бала, өлімі, адам, барлығы	12,4	11,1	10,6	9,5	9,17
- соның ішінде, 5 жасқа дейінгі	12,38	11,06	10,64	9,45	12,04
3. Ұл балалар, адам, барлығы	15,9	13,6	13,4	12,0	11,25
- соның ішінде, 5 жасқа дейінгі	15,88	13,56	13,35	12,04	11,25

Қорытындылай келе, Қазақстанның әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі болып ана мен баланы, көп балалы отбасыларды жан-жақты көмек көрсету болып табылады. Олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында жыл сайын әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері арттырылып, қосымша әлеуметтік жеңілдіктер беріледі. Тәуелсіздік алған жылдан бастап әлеуметтік сфераның бұл бағытында оң өзгерістер байқалуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://www.zakon.kz/4959753-xviii-sezd-partii-n-r-otan-tekstovaya.html>
2. Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі/Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде/86 бет (2013-2017) , Нур-Сұлтан-2018, <http://stat.gov.kz>